


ЕСЛӘМ ЗІКІВАЕВ



ЕСЛЭМ ЗІКІБАЕВ

АҢҚУ  
АРМАН

ӨЛЕҢДЕР

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ  
Алматы — 1977

Қаз2  
3-96

Зікібаев Есләм.

3-96 Аққу арман. Өлеңдер. Алматы,  
«Жазушы», 1977.  
96 бет.

Ақын Есләм Зікібаевтың есімі жырқұмар қауымға жақсы таныс. Оның бұдан бұрынғы «Ақ қайындар» жинағын оқушы жүртшылық та, өдеби сын да жылы қабылдады. Ақынның жаңа жинағына еңбеккер замандастарымыздың өмірінен алып жазылған өлеңдері мейтінде олардың көзінде көрді.

Қаз2

3 — 70403—042  
402(07)—77 62—77

016985

“Жазушы” — 1977  
Советский Союзский книжный издательский  
БИБЛИОТЕКА  
город ПЕТРОПАВЛОВСК

012

## **ЖЫР ЖАЗБАС ЕДІМ**

**Мен жыр жазбас едім,  
Көкірегімді от сезім кернемесе,  
Шабыт шалқып жанымды тербемесе.  
Рахатынан өлеңнің балқып денем,  
Бейнетінен маңдайым терлемесе.**

**Мен жыр жазбас едім,  
Дариядай кемеріме тасып-толмасам,  
Көңлім кеткен қиядан асып қонбасам.  
Мына жалпақ дүние ынтықтырып,  
Келер күнге керемет ғашық болмасам.**

## БІРІНШІ БӨЛІМ

**Еркін басып, еркелеуім —  
Сенің арқаң, туған ел.**

[Ә н н е н]

## **МЕН КОММУНИСПІН**

**Мен коммуниспін,  
Партияның саптағы солдатымын,  
Солдатымын,  
Тілемес жаңға тыным.  
Ұшқыр ойын кесемнің жалғастырап  
Ұрпағымын —  
Мұрагер зәузатымын!**

**Мен коммуниспін,  
Шеру тартқан кәрісі,  
жасы... бүгін —  
Ұлы Революцияның жасынымын.  
Дүниені тербеткен тар бесікте  
Перзентімін Ленин ғасырының.**

**Мен коммуниспін,  
Шаттықтан төбем көкке тиіп менің —  
Ақызды артқа тастап —  
Биқтедім.  
Замана заңғарынан көрінсін деп  
Өр тұлғамды құрыштан құйыпты елім.**

**Құйыпты елім құрыштан мұсінімді,  
Паш болсын деп әлемге ісі құллі.  
Досқа — доспын,  
Қашан да құшағым кең,  
Арамзаны кермеймін кісі құрлы.  
Мен коммуниспін,  
Малшымын,  
Егіншімін қатардағы —  
Кең даланың төсінде атар таңы.**

Жауынгермін елімді қорғап тұрған  
Сүйк қолдан жат пиғыл,  
жат арманы...

Мен коммунистін,  
Қыранның қияға ұшар қанатымын —  
Шырқауда жаңым рахат табатұғын.  
Компартия — Бас штаб,  
Бағыт берсе —  
Көтерер тылсымдардың жаңа тыңын.

Мен коммунистін,  
Жұмысшымын,  
Фалыммын,  
Дәрігермін...  
Перзентімін —  
Ерім деп таныр елдің.  
Қияндарға жол ашып қиындықпен  
Бірінші боп барғанның бәрі —  
Менін!

Мен коммунистін,  
Айға атылған арманымын —  
Ашық үнім,  
Шабыттым,  
Шалқы бүгін,  
Тасы бүгін  
Өйткені —  
Дүниені дүбірлеткен  
Ұлы Революцияның жасынымын.  
Алмастай —  
Асылдардың асылымын,  
Перзентімін Ленин ғасырының!

## **БІРІ — АҒА, БІРІ — ІҢІ**

Сом балғадай бұлшық етті білегі,  
Қайыспайтын қайсарлықтың тірегі —  
Жұмысшы мен шаруаның достығы  
Мәңгілікке бірге соққан жүрегі.

Қарсы алғанда Октябрьдің шапағын,  
Жер-жаһанға жайған бірге атағын.  
Ұллылығы Балға-Орақпен безенген  
Достық елі —  
Менің байтақ Отаным.

Ден тасытып,  
Мартендерде от өрген —  
Сол достықты мақтан етіп өтем мен.  
Ел басына екі-талай күн туса —  
Ауырлықты бір кісідей көтерген.

Бірі — аға,  
Бірі — інідей жұптасқан,  
Сапта да бір,  
Аяқтарын нық басқан.  
Ұлы көсем өситетін Ту етіп —  
Бөлінбейтін бірлік болып тұтасқан.

Октябрьдің көрігінде шыңдалған,  
Одақ еткен ізгі мұрат,  
изгі арман.  
Шаруаны көрсөң болат балқытқан,  
Кеншіні де табасың сен қырлардан.

Мәңгілікке бірге соққан жүрегі,  
Ортақ арман,  
Ортақ мақсат-тілегі.

Жер-жаданға шамшырақ боп көрінген  
Жұмысшы мен шаруаның Ұлы елі.

Бірге жасап жақсылықты,  
жаңаны...  
Бір көркейтіп ауыл,  
қыстақ,  
қаланы...  
Бір көтеріп Ұлы түүн Лениннің  
Болашаққа шеру тартып барады.

## КОСМОСТА ҮШ ҚЫРАН

Тыңда, әлем!  
Құлағыңды түр тағы да —  
Қара әне —  
    Ұлы елдің үрпағына,  
Фарыштың кеңістігін кетті шарлап,  
Қиянға қиял жетпес шырқады да.

Үш қыран үшқан шақта жаңа түлеп,  
Қақырап қақ жарылды қара түнек.  
Елімнің даңқын алып шықты биік,  
Адамзат арманының қанаты бол.

Жер қалды,  
    Жерде асыл ана қалды,  
Өзінің ақ сүтіне балап арды.  
Тіршілік мың мәртебе бас иеді —  
Өсірдің деп осындей балаларды.

Сәт сайын дүниені тебіренткен,  
Ғажайып құдырыретті елім неткен.  
Советтік ақыл-ойдың зердесімен —  
Бұл күнде туыс болды Жерім Қекпен.

Тыңда, әлем!  
Бізде дәйім қуаныш күн,  
Кеудемде шамшырақ боп тұрады үшқын.  
Ұлы елдің азаматы болғаным  
Мақтанам —  
    Мен бақытты түа құштым.

Иә, мен —  
    бақытты елдің ұланымын,  
Қайнары бізде өнер бұлағының.

Сәбидің сезіміндегі көңілім пәк —  
Құлімдеп көк аспанда тұрады Құн.

Дүние тербеткенде ер бесігін,  
Мақтана паш ететін елге сырым —  
Отан-Ана емшегін таласа емген  
Мен де сол үшеуінің жерлесімін.

Әрдайым соларменен бір тілегім,  
Қуанам нұрландырса құлқі реңін.  
Ғарышқа олар биік самғағанда —  
Мен-дағы жерде отырып бір тұледім.

Шалқыды шабыттанып сезім мұлде,  
Қадалып жұлдыздарға көзім бірде.  
Жердегі тіршілікті ұмытамын —  
Солармен жүргендей-ақ өзім бірге!...

## **БІЗ ТУҒАН ЖЕР**

Біз тұған жердің тауы жоқ —  
Зеңгір көкпенен таласқан  
Мұнартып басы —

Кей-кейде бұлттардан-дағы әрі  
асқан.

Сұлулығы да шіркіннің сонда ма еken деп  
қаламыз  
Қас сұлуларға қашан да қарапайымдылық  
жарасқан.

Ақ жал толқынды —

Адуын,

Асау теңізі жоқ тағы,

Қыс болса,

Аяз, ақтүтек,

Үдере келіп соққаны.

Қаңтардың қаһар күнінде жол жүру-дағы  
бір азап —  
Демде жоғалып жатады қазіргі салған  
соқпағын.

Сергімін ғой деп кейде бір

далаға шықсан

серпіліп,

Ерегескендей екпіндеп, теріскей беттен  
жел тұрып.

Қайсарлығынды қайрайды —

сыныма толар ма

екен деп

Осалдарды үйге тығады,

«Тәубәсіне» сәтте

келтіріп.

Бірақ біз соның бәріне үйреніп алған  
жандармыз,  
Басқа тірлікті қаламас құйге еніп алған  
жандармыз.  
Қайтадан егер бөлсө де дүниенің мекен-  
тұрағын  
Тап басып, қайран туған жер, өзінді ғана  
таңдармыз.

Ақын сезіммен серпіліп, сөйлеп кеттім бе  
сөл астам,  
Дүниеде жақсы, жайсаң жер көп-ақ шығар-ау,  
таласпан.  
Бірақ та соның бәрі де мен туған жерге  
жетпейді —  
Қарапайымдылығы қашаннан өзіне ғана  
жарасқан.

## **ЖАЙЫМДЫ СҰРАМА, АНА**

Қалайсың деп жайымды сұрама, ана,  
Мен емеспін кешегі бұла бала.  
Ойшыл етіп жіберген бұл күндері  
Зеңгір аспан,

Шет-шексіз мына дала.

Қалайсың деп жайымды сұрама, ана,  
Артық кетсем, айыптап сынама да...  
Еркелеуді кейде өмір көтермейді —  
Ара түсөр сен жоқсың бұл арада.

**Айтары не —**

Келмесе, келсе де әлім,  
Тәғдырын көп ойлаймын мен солардың.  
Мен солардың саулығын тілеп жүрем,  
Өйткені сол саулықтан енші аламын.

Мақтаушы ең ғой қайыспас қайсарды көп,  
Арамзаның бетін бір қайтарды деп.  
Соның бәрін енді ұқтый,

Үйретті өмір —  
Балаң қазір кеткендей байсалды боп.

**Айта алмаймын —**

Нені ұқтый, нені ұқпадым,  
Өмірден көп сырлардың көріп бәрін.  
Кейде опық жеген де кездерім бар  
Алдамшының сөзіне сеніп қалып.

Темірқазық мен үшін — пәктік деген,  
**Содан болар —**

Ісім көп нақ бітпеген.  
Аңғалдықпен алданған кездеріме  
Енді есеп беріп жүрмін сақтықпенен.

## СЕН ҰШІН МЕН МАҚТАНАМ

(Толғай)

Армысың, далам?

Армысың, асем кең алқап?

Жасампаз, жайсан жандардың құтты мекені.

Құс болып ұшып әдейі келдім сені аңсап,

Өзің де мені сағынсаң солай жетеді.

Жыр болып келдім,

Сыр болып келдім қойныңа —

Бойымда бардың бәрін де саған ақтарам.

Баурайда толған алалы жылқы,

қой мына...

Мен туған жердің ырысы ғой деп мақтанам.

Жер сызып ылғи қазандай желіндерімен,

Өрістен қайтып келеді мама сиырлар.

Өнірі шүйгін төрт түлік малға,

Тегінде

Бай болса керек әуелде-ақ біздің қыырлар.

Не деген ғажап арманышыл едік біз бүгін,

Жүйткіді қиял жарысып оймен тоқталмай.

Жайнатып жүрген арайлы мынау күз күнін

Күрыш білекті, құдыретті жандар көп қандай.

Даланың құты —

Диқанды көрсөң егерде,

Күн қағып біраз қоңырқай тартқан реңі.

Сұрама жайын өзгеден-дағы,

менен де...

Тыңда тек, достым, еңбек деп соққан

жүрегін.

Өсті деп біл сен диқанның маңдай теріне,

Алтын дән тұрса иіліп жерге сабағы.

Сүйсініп қара даланың маңғаз еріне  
Бақытқа балқып жайнаса бал-бұл жанары.

Еңсесі биік,  
Күлкі ойнап тұрса жүзінде —  
Ерлердің ол бір еңбектен тапқан мерейі.  
Көктемде сеуіп,  
Осынау күздің күнінде  
Бірі мың болып оралып жатса не дейді.

Көремін десең жайдары күздің келбетін  
Серпіліп бір сәт жастармен мына қырға шық,  
Сап-сары алтын,  
Жалқындай әсем жер беті  
Асылы менің өлкеме дәйім күн ғашық.

Күндізгі дабыл,  
Күндізгі қымыл бір төбе —  
Түндерде-дағы еңбектің күйі тынбайды.  
Барады жойқын дарияда жүзіп мың кеме  
Мотордың үнін тыныстап дала тыңдайды.

Самала сынды —  
Түнде де өлкем жап-жарық,  
Сары алтын таулар көз тартар мына қырманда.  
Қарайсың оған сүйсініп, әрі таңданып —  
Қусырып қолын бос тұрған жан жоқ бұл  
манда.

Әзілі назды,  
Қылышы да әсем құрбының  
Еркелей келіп ұсынар саған күрегін.  
Жанарыменен ұқтырып сырлы сырды мың  
Езуін тартып ақырын ғана күледі.

Пай-пай-пай, шіркін, қылышы неткен тәтті еді,  
Лаулаған сезім өрт болып алып барады.

Жігіттері дө шетінен жайсаң, мәрт тегі —  
Мерейлері үстем, таудан да биік талабы.

Мінекең, біздің даланың күзгі дидары,  
Арманыңды ылғи тартады қиян-қыырға.  
Бармақтай ірі, бадана көзді бидайы —  
Ырысы елдің қоймаға келіп құйылған.

О, далам менің, арайлы әсем кең алқап —  
Сарқылмас мәңгі байлықтың құтты мекені.  
Мерекең құні келді ұлың тағы сені аңсан,  
Қуаныш-мерейіңе ортақтас етсең жетеді.

Ән болып келдім,  
Жыр болып келдім бүгін мен —  
Ұлың боп келдім сеніміңді ылғи ақтаған.  
Таралғы-тарту ұсынып лала гүліңнен,  
Сен үшін өзім мақтанам,  
Сен үшін өзім шаттанам,  
Өзіңнен ғана бақ табам!

## ОҚ АТПАҢДАР ДАЛАДА

Оқ атпаңдар далада,  
Оқ атпаңдар —  
Үрей үнді маңайға жолатпаңдар.  
Қайтып таба алмайды тыныштығын,  
Тыныштығын бір мәрте жоғалтқандар.

Жаз жайлап,  
Қыс қыстаған тұрағынан  
Барады безіп қайда мына бір аң.  
Жаутаңдап неге артына қарайлайды,  
Қапыда айрылған ба сыңарынан.

Қапыда айрылған ба сыңарынан,  
Жан бар ма жәйін сұрап сірә бұдан.  
Қарғысын өлде кімге төгер еді —  
Тіл бітіп,

Жарылса егер шын ағынан.

Кек көлден үркіп үшты құстар неге,  
Қалды әне —

Айдын бетін құшқан дене.  
Тағы бір жан иесін жоғалтты ма,  
Өлімге,  
Әлексеге құштар неме.

Мұңлы еді шіркіндердің әні неткен,  
Оларсыз көл де тұлдыр,

әрі кеткен.

Қорқамын қорқаулардың кесірінен,  
Түңіліп қала ма деп әділеттен.

Селк етіп әр дыбысқа сауысқандай,  
Есінен кейде тіпті ауысқандай.

152 Омско-Казахстанская областная  
БИБЛИОТЕКА  
город ПЕТРОПАВЛОВСК

016985

**Бейкүнә,**

Мамыражай күн кешпейді  
Төзімін біржолата тауысқандай.

**Сақтаңдар тыныштығын от басының,**  
Бейсауат атылған соң оқ та шығын.

**Мен болсам,**

Тілер едім ең алдымен  
Мылтықтың шүрппелерін tot басуын.

**Дүние дүние бол жаралғалы,**  
Әлемнің жан иесі —

**Адамдары**

Тілейді тыныштығын от басының  
Тіршілік тағдыры үшін алаң бәрі.

**Сән-көркі,**

Саулығына кең даламның

Бұл күнде сен де алан,

Мен де алаңмын.

**Достарым,**

Оқ атпаңдар сол үшін де —

Бұзбаңдар тыныштығын жер-ғаламның.

**Сақтаңдар жер-ғаламның тыныштығын,**  
Тыныштық — тыныс бүгін, ырыс бүгін.

Тілеймін көмесем деп,

білмесем деп

**Атылған оқ пен оттың бір үшқынын.**

**Достарым!**

Өтінемін, оқ атпаңдар,

Үрей үнді маңайға жолатпаңдар.

Мылтықтардың tot басып шүріппесін,

Қынабында шірісін болат қанжар.

Оқ атпаңдар,  
Әйтеуір оқ атпаңдар —  
Әлі дे оққа асылын тонатқан бар,  
Сондықтан да пәлені жолатпаңдар.  
Қайтып таба алмайды тыныштығын,  
Тыныштығын бір мәрте жоғалтқандар.

## ӨМІРІ НҰРЛЫ

Әр күнім менің қуаныш, бақыт — шалқыған,  
Әр күнім асқақ ән болып көкте қалқыған.  
Көкіректерден сыр болып сұлу төгілем  
Жан жүректерде күмбірлеп күйдей тартылам.

Жетісүймның жеті өзеніндегі жарасқан,  
Жүйрік боп шығам бас бәйгеге ылғи  
таласқан.

Қыраның болып қияға қанат қағамын,  
Алатау сынды асқарлардан да әрі асқан.

Күндермен алғы астасып дәйім қиялым,  
Тыңдатам, елім, болашақтың да күй-әнін.  
Тәй басқан әрбір жеткіншегімнің тұсауын,  
Жүлдені бермес дүлдүл болсын деп қиямын.

Алатауымның ақшаңқан ашық ажары,  
Өмірдің бейне тарқамас шаттық базары.  
Айдыны шалқар — шабыттың асыл қайнары  
Біреуі сыр ғып, біреуі жыр ғып жазады.

Алма мен алмұрт, бадана балдай жүзімі,  
Алатау сынды арудың алтын жүзігі.  
Меймандар келсе қарайды соған үзіліп,  
Тамсана талай таңдайын қағар қызығып.

Тасқынды селдей талантқа толы бұл далам  
Өлкемнің мынау ойы мен қыры тұнған ән.  
Берекесі мен мерекесі мол бұл жерді  
Жалынды сөзбен Жамбылдың өзі жырлаған.

Өмірі нұрлы, өңірі гүлді бұл жерді,  
Нұрғиса талай әніне қосып үлгерді.  
Жастары жайсаң күндермен жарқын жарасқан  
Кез алдыңызға әкелер балғын гүлдерді.

Гүл дегендей-ақ, өлкемнің ерен гүлі көп,  
Құйылар дәйім көңілге шаттық нұры бол.  
Соларды кейде ұялатамыз кеудеге,  
Алатауымның ақындарының жыры деп.

Алматымыздың ажары болған, ән болған,  
Айналам толы саялы бақ пен сәнді орман.  
Үйлері қандай, тәбесі көкпен тілдескен,  
Бір арнаға құйылар шығып сан қолдан.

Қойнауы құтты — малы мен дәні ырысым,  
Аз десең оған қосамыз тағы күрішін.  
Шыбық қадасаң, шынар өсіріп беретін,  
Осынау өлкем жараптан тегі жыр үшін.

Адамы қандай, жайсаң жерімнің адамы,  
Өзеннің өзін от қылыш үйге жағады.  
Сел менен елдің мұддесін бірге тоғысқан,  
Іздеген адам Қапшағайымнан табады.

Осының бәрі сыр менен жырдың қайнары  
Осының бәрі елімнің жарқын айлары.  
Осының бәрі шабыттың шалқар бесігі,  
Ұл менен қызы — өлкемнің алтын айдары.

О жарқын жандар, жерімнің жайсаң гүлсің,  
Тасытқан дәйім Жетісуымның ырысын.  
Әніміз сенсің, сәніміз сенсің қашан да,  
Жараптан мәңгі жыр үшін.

## **АҢСАП КЕП ЕДІМ**

Аңсап кеп едім,  
Ән сап кеп едім жеткенше,  
Дүниө түгел тербеліп тұрғандай тек  
менше.

Сағынышымды баса алсам жарап еді ғой  
Алматы жаққа қайтадан жүріп көткенше.

Көз тойдырардай көркіңмен ерек жарапған,  
Жұғіріп міне шықтың-ау бүгін тағы алдан.  
Өзіңдей жайсан,  
Өзіңдей жомарт мекенді  
Жер-дүниені кезсем де сірә таба алман.

Жылда бір келем —  
Мәз-мейрам болып қаласың,  
Әз аналардай сағынып күткен баласын.  
О баста мені жалғастырын деп тудың ба  
Алматы менен Өрнектің екі арасын.

Жылда бір келіп сайрандал қайтар  
құсың өм,  
Қауышып ата-анамен,  
Улкен-кішімен...  
Қимайсың рас,  
Қоштасар сәтте қыын-ақ.  
Көңіліме қарап айтпай қаласың,  
Түсінем.

Сағыныш —  
Менің тағдырдан алған еншімдей,  
Жүремін кейде қауырт қаланы жерсінбей.  
Сабыр сақтаймын өзінді ойлап сол замат —  
Мен сенің мынау астанадағы елшіңдей.

Аядай аулым,  
Аялы аулым,  
Ақ ордам —  
Бір жағың — тоғай,  
Бір жағың — нұлды қара орман.  
Алыстан келсе, сәбиге сәлем беретін  
Қарт аталардай шықтың ба бүгін тағы алдан.

Бір басыңдағы балалық пенен даналық —  
Үйлесіп қалай тұрады екен жаңарып.  
Ақын болмауға,  
Батыр болмауға хақы жоқ,  
Өскен жандардың төсіңнен сенің нәр алып.

Аңсап кеп едім,  
Ән сап кеп едім жеткенше,  
Бала боп қайта,  
Жарысып шана тепкенше.  
Сағынған елдер сағынса ғой деп тек менше —  
Мауқымды баса алсам жарап еді-ау бұл,  
Алматы жаққа қайрадан жүріп кеткенше.

## **ДАЛА**

Қанбайтұғын қанша рет көрсө құмар,  
Құдыретін адамдар өлсө де үғар,  
Асан атам түгендеп тауыспаған  
Дала деген кеңдіктің өлшемі бар.

Қанбайтұғын қанша рет көрсө құмар  
Сымбатынан айрылмас көмсө мұнар.  
Елден ерек еркінді баурап алар  
Сұлулықтың даладай өлшемі бар.

Қанбайтұғын қанша рет көрсө құмар  
Тасқа салса кетілмес семсері нар.  
Ет кессе де қоңынан «қыңқ» демейтін —  
Қайсарлықтың даладай өлшемі бар.

Қанбайтұғын қанша рет көрсө құмар,  
Қасиетін тірідей көмсө де үғар.  
Ұрпақтар мен ұрпақты жалғастырған  
Мәңгіліктің даладай өлшемі бар.

Қанбайтұғын қанша рет көрсө құмар,  
Құдыретін адамдар өлсө де үғар.  
Өмірдегі иғілік, ізгіліктің  
Дала деген қасиетті өлшемі бар.

## ШАЙТАН КӨЛ

Қайран ғып бітіміне шартарабын,  
Көл жатыр құзарында Қарқараның.  
Мен мұндай көрмеп едім ғаламатты  
Қаншама көзсем-дағы Аරқа алабын.

Шыным сол —

Естісем де көрмеп ем мен,  
Біздегі үғым басқа ғой көл дегеннен.  
Сұлудың жанарында мәлт-мәлт етіп —  
«Шайтан көл» шың басында дөңгеленген.

Айдыны елестетер шар айнаны,  
Ай-ару қолаң шашын тарайды әне.  
Қалғандай «Шайтан көлде» шежіре бол  
Сұлушаштай ғашықтың талайғы әні.

Көл емес,

Көз ғой мынау сырға тұнған,

Шерменде —

Қалған мұлде тіл қатудан.

Мұңлы бір махаббаттың ескерткіші

Шарқ ұрып шыңыраудан шыңға атылған.

Заңы да кер заманның қызыға дұшпан,

Құлдырап махаббаттар құздан үшқан.

Айналған аты аңызыға осы көлді

«Шайтан көл» депті біреу қызғаныштан.

Алтайы ғасырлардан сыр ұқтырып,

Сейлеген зар заманда күйіп тұрып.

Сондықтан да табиғат «Шайтан көлді»

Жаратыпты таудан да биік қылыш.

## СОҒЫС

Соғыс не?

Білмейді әзір ұлым менің,  
Білмейді қанша дүние бүлінгенін.  
Өзіндей жас сәбидің жетім қалып,  
Қар кешіп жалаңаяқ жүгіргенін.

Кинодан көруге де жалықпайды,

Әйткені ол —

Соғыс не,

Әлі ұқпайды.

Осынау бір кесапат адамзатқа

Әкелгенін қаншама ғаріп-қайғы.

Соғыс не?

Білмейді оны жастар әлі,

(Олардың оқымаған дастаны әрі)

Ал, әжемдер кинодан көрсе болды —

Көздерінен моншақтап жас тамады.

Соғыс не?

Ол — үміттің үзілгені,

Ол — әжім жас жеңгемнің жүзіндегі.

Қыылған сағағынан қыршын өмір,

Мезгілсіз ерте түскен күздің лебі.

Соғыс не?

Ана шашы ерте ағарған,

Бақытын балғын күнде өртеп алған.

Ардағын абайсызда жауға алдырып,

Арманы кемелденбей келте қалған.

Соғыс не?

Көрмесем де білемін мен,

Қорқамын сол үшін де сүреңінен.

**Жесір қалған жеңгемнің аһ ұрғанын  
Сәби шақта-ақ сезінгем жүргегіммен.**

**Соғысты көрмесін деп балам мұлдем,  
О, бауырлар,  
Әр уақыт алаңмын мен.  
Арудың аппақ шашын әжім шалып,  
Арылмасын көктемгі далам гүлден.**

## ШЕГІНУГЕ БОЛМАЙДЫ

Москва түбінде қазақстандық 28 гвардияшы панфиловшылар бірде-бір жеу танкісін ілгері өткізбей, асқан өрлік көрсетті.

О байтақ жер!  
Бір табан — қарға адымың  
Семсердегі серт болды арға бүгін.  
Шегінуге болмайды —  
Ел бүйріғы  
Жақсылықпен жалғассын алдағы күн.

Тәңіректе толассыз ұрыс кілең,  
Бейбіт күннен белгі жоқ —  
Кім өстіген?!

Алда — жау,  
Ту сыртында — қарт Москва  
Өлім-өмір өтеді қыл үстінен.

Ел тағдыры жүзінде ұстараның,  
Ер кеудесін кек кернеп,  
Қысқан ағын.  
Қаскунем жау қаптатып танктерін  
Бағындырмақ еріксіз күшке бәрін.

Беті қайтып көрмеген әлі күнге  
Москвада дәмесі бәрінің де.  
Тоғытады тоқтаусыз ажал оғын  
Сиынып Гитлердей «тәңіріне».

Бір сәтке тыншымайды майдан әлі,  
Бейбіт өмір нышаны қайда, кәні?  
Көргісі келмегендей мына дуды  
Бұлтқа батып барады Ай да әне.

**Волокалам тас жолы —**

Қанды қырғын,  
Өрт болып дүниө тұтас жанды бұл күн.  
Тап сонда Қазақстан батырлары  
Кейіпкеріне айналды мәңгі жырдың.

**Бағдарлайды бәрін де көңіл зерек**  
Оқ болып атылардай көбінде кек.

**Ар үшін,**  
**Арман үшін,**

**Отан үшін —**  
**Ең бастысы — өлмеу үшін өлу керек.**

**Панфилов қайрап солай түлектерін**  
Кешкізген қайсарлықтың мың өткелін.  
Ел басына қатерлі күн туғанда  
Оқ қылышпі атуға бар жүректерін.

**Бәрі де жауға түсер жасындей боп,**  
Сайланған сайдың саңлақ тасындей боп.  
Ел намысын көтерген көкке биік  
Мақтанам әкелерім осындей деп.

**Үрпақтар жүретіндей жыр қылп мәңгі,**  
Өлімге де қайыспай күліп барды.  
Жау аптығын басты да осы арада  
Аңыздары ескерткіштей тұрып қалды.

## **ОРАЛДЫ ЖЕҢІС БОЛЫП**

Тоғызынышы Май,  
Ұлы жеңіс күні —  
Мен білген қуаныштың ең ыстығы.  
Қаһармандар Отаның қорғап қалған  
Шығады көшелерге тегіс бүгін.

Самсатып ордендерін,  
медальдарын...  
Паш етіп жауды жайлап жеңе алғанын  
Келеді салтанатпен сапта бәрі  
Көтеріп Ел мерейін,  
Ер арманын.

Алқызыл өңдерінде алау ойнап,  
Бұла күш бойларында салады ойнақ.  
Жыл сайын —  
Жеңіс күні қарт солдаттар  
Бір түлеп шығады-ау деп қалам ойлап.

Қараңдаршы қаһарлы жүздеріне,  
Олар сірә жансая іздеді ме.  
Әрқайсы құрбандыққа тігіп басын  
Әперген тыныш өмір бізге міне.

Қасарып,  
Қасық қанды түйіп белге  
Шырқайды даңқ өріне —  
Биіктерге.  
Ерлікпен өлгендер де,  
тірілерде  
Оралды Жеңіс болып сүйікті елге.

## ШЫРҚАЙДЫ ӘЛЕМ

Күйлерді кешіп —  
Болмайтұғындај жан ұғып,  
Қайсы бір сәтте жабырқай қалсам,  
жабығып.

Өзіңді тыңдал сергиді сезім сол замат,  
Құдыретті қуат өзіңнен ғана табылып.

Өр үнің дәйім ерлікке ғана бастардай,  
Бойымдағы барлық қайнардың көзін ашқандай.  
Өзіңді мәңгі Жеңімпаздардың Туы деп —  
Қындықтарға да кіріп кетемін жасқанбай.

Қас қағым сәтте еркімді билеп мол ағын —  
Асау өзендей арнамда тасып,  
толамын.

Тыңдаймын елтіп,  
Құмарым әсте бір қанбай  
Коммунистердің Гимні жырлап тұрғандай  
Жұмысшы менен шаруаның берік Одағын.

Сан ғасыр бойы еңсесін Елдің бұқтырып,  
Байлықта деген:

Бақыт,  
Бостандық,  
Мықтылық!

Сондықтандағы коммунистер  
«Интернационалды»  
Шырқайтын болған шындыққа қарап,  
тік тұрып.

Таң самалындай сейілтіп күңгірт тұманды,  
Өкем де талай шырқаған тұрып бұл әнді.  
Білмейді әлем осыдан асқақ әуенди,  
Білмейді әлем осыдан асқақ ұранды.

Тік тұрып оны шырқайды байтақ ер елім,  
Солардың сәнді сапында мен де келемін.  
Қалдырам тағы балама мәңгі мирас қып,  
Немереме де өзім үйретіп беремін.

Үйретіп берем мағынасын терең ұқтырып,  
Байлықта емес,  
Бірліктегі қазір мықтылық.  
Атам шырқаған,  
Экем шырқаған Гимніді  
Немерелерім де шырқайды менің тік тұрып.

## ОКТЯБРЬ

Октябрь,  
Мың мәрте қайталап,  
Жырлаймыз өзінді өр үнмен.  
Қалтқысыз көнілден —  
Арнаимыз миллиондар алғысын  
Сезім арнасынан тасып төгілген.  
Өйткені арманның алғашқы арайы  
Өзің бол көрінген  
Қиялдың көгінен.

Жетпейтін секілді —  
Сен жайлы жазсақ та құнде жыр  
Мынау нұрлы өмір,  
Жазира-жайсақ гүлді өңір —  
Өзіңсіз жалқы сияқты,  
Өзіңсіз жарты сияқты,  
Асылы ол қашан да сенімен бірге жүр.

Октябрь  
Ерлікпен,  
Елдікпен бір туған,  
Өр арман — биікке ұмтылған.  
Өлмес өмірмен өзектес  
Жұмақ жерінде гүл тұнған,  
Мәңгі құлпырған.  
Батырлық,  
Батылдық сипаты —  
Қайыспас тұр-тұлған.

Октябрь — ұлы ана,  
Октябрь — ғұлама.  
Ұрпақтың қамы үшін,  
Нұрлы таңы үшін

Шыжыған шілдеде,  
Күндіз де,  
Тұнде де,  
Ақ түтек боранда,  
Долы дауылда,  
Несер жауында...  
Көз ілмей шығатын,  
Күзетіп адамның абзал мұратын.

Октябрь,  
Арай таң —  
Әлемге нұр болып тараған,  
Арманшыл әр адам  
Өзіңе үмітпен қараған.  
Қаладан, Даладан...  
Атыңды аспанға көтеріп  
Тербеліп барады ән.

Мен де сол саптамын,  
Қарсы алған арманның ақ таңын  
Әкелер есімін әрдайым  
Асқақ сезіммен жаттадым,  
Қуаныш кернеген — шат жаным.  
Жайнай бер.  
Жасай бер —  
Мәңгілік алаудай құлпырған  
Октябрь — менің мерейім,  
Октябрь — менің мақтаным!

## ҰСТАЗДА

Алтын күз —

Жапырақтар сарғайған шақ,  
Шалқыса бала қиял шалғайды аңсап.  
Келеді ұстаз бейнесі көз алдыма —  
Әр уақыт өткенді оймен шарлай қалсақ.

Есімде алғаш ашқаны Әліппені,  
Есімде алғаш үйреткені әріптерді.  
Есімде алғаш ұстаздың айтқандары,  
Өз ұлындай арқадан қағып мені.

Сақшысындаі балғынның күзеттегі  
Есімде әлі қатемді түзеткені.  
Есімде әлі қол ұшын беретіні —  
Қындықтың кезіксе жүз өткелі...

Есімде әлі ұстаздың бар арманы,  
Соны қуып келемін жарапғалы.  
Үйретті ол еңбекке, ерлікке де  
Үйретті ол аяла деп адамдарды.

Өмірдің ағымынан қалмасын деп,  
Қиялым жатса дәйім алға сүйреп.  
Ұғамын оны да мен ұстазымның —  
Үйреткен оқуының жалғасы деп.

## **ЕКІНШІ БӨЛІМ**

**Көңіл құсы құйқылжыр шар-тарапқа,  
Адам ойы түрленіп, ауған шақта...**

**(А б а й)**

## АҚҚУ АРМАН

Уа, аққу арманым,  
Ес білгеннен-ақ сені іздел келем өмірден,  
Жетсем-ау деген көңілмен.  
Сені іздел келем —

Жазира-жазық белдерден  
Көз ұшынан бір ақ сағым болып көрінген.

Уа, аққу арманым,  
Сені іздел келем осынау жайсаң жерімнен,  
Кермиық даламнан керілген...  
Сені іздел келем қаңтардың қаһар қысынан,  
Көктемнің майда желінен...

Уа, аққу арманым,  
Сені іздел келем талайдан,  
Таң алдындағы арайдан.  
Сені іздел келем сансыз жүлдыштың ішінен,  
Сызылып туған жаңа Айдан...

Уа, аққу арманым,  
Іздедім кейде даланың таңғы шығынан,  
Одан да ғажап сыр ұғам.  
Сен келді ме деп селт етер сезім  
                                ғажайып —  
Төгілген сәтте сұлу өн.

Уа, аққу арманым,  
Сені іздел келем,  
Көңілім кейде алаң бол,  
Баз бір сәттерде малтығып ойға қалам көп.  
Жалыққан емен,  
Жабыққан емен қайтсем де  
Сеніммен жүрмін табам деп.

Уа, аққу арманым,  
Кей-кейде тіпті таппағаныма да қуанам,  
Сені іздемесем,  
Аяулым болып туда ма ән.  
Аққу арман боп қала бергенің де ғанибет,  
Өзім сау,  
Және жүрген шақтарда жыр аман.

Уа, аққу арманым,  
Сәулесін Құннің сезініп әр кез жабықтан,  
Зағип жандай-ақ үміт үзбекен жарықтан.  
Ес білгеннен-ақ келемін іздеп өзінді,  
Іздеуден және жалықпан.

Уа, аққу арманым,  
Төрт құбылам түгел,  
Ойы-қырымды бүтін ғыл —  
Сезімге бір сәт ұялатып алсам күпірлік.  
Тағдырым-дағы таусылып қалар секілді —  
Сондықтан сенің  
Таптырмағаның да шүкірлік.

## ТІЛЕРІМ СОЛ-АҚ

Тағы бір таңның тәгілді нұры түндіктен,  
Алғаным көп пе,  
Алмагым көп пе тірліктен.  
Ойланып қалдым,  
Ақын боп осы не бердім —  
Мына жұртыма жыр күткен.

Құдырет қайда тоқтатар сағат тілдерін,  
Солармен бірге зулайды зымыран күндерім.  
Есепсіз кеткен қаншама қимас уақытым,  
Бергенім қанша,  
Бермегім қанша?  
Білмедім.

Өзімді-өзім қинаймын қатты теңден де,  
Оралып кей сәт,  
                    Откенді оймен кезгенде.  
Өтеусіз кеткен күндерім қанша, шіркін-ай  
Көрер ме ем салып безбенге.

Алаңсыз күндер —  
                    Тауға да, тасқа секірген,  
Мен де бір бейне еліктің лағы секілді ем.  
Бүгінде соның бәрі де алыс армандаі —  
Камалап ойлар мазамды талай кетірген.

Шағылып тауым,  
Кейде бір сағым сынады,  
Жіберген қатем алдыымнан қайта шығады.  
Сол кезде тағы өзімнен өзім сұраймын —  
Жастығым ба еken,  
Мастығым ба еken кінелі.

Шақырып шыңға арманның алау-шырағы,  
Қиялдың құсы талпынып соған түрады.  
Жетсем-ау деумен жете алмай келем  
                                бірақ та,  
Білмедім тағы —  
                                Жастығым ба екен кінәлі.

Тағы бір таңның құйылды нұры түндіктен,  
Ақын едім деп,  
                                Көкірек қағып дүрлікпен.  
Алда күн болсын,  
Арманым болсын — қуанту  
Жұрттымды менен жыр күткен,  
Тілерім сол-ақ —  
                                Тірліктен!

## **АСАУ**

**Ат үйрету —**

Ұлкен өнер әлі де,  
Жел бітірер жасты қойып, кәріге.  
Ауыздықпен арпалысқан асауға  
Ер салсам дер тамам жұрттың бәрі де.

Батыл болып көрінуге құмар ел,  
Батыр болып көрінуге құмар ел,  
Өзің-өзің сенсең ғана ондайда  
Білегінді сыйбан-дағы шыға кел.

Екпінімен құлататын тауды да,  
Асау-асау алған ерді бауырына.  
Ондай кезде сен де асау бол, жігітім,  
Жалтақтама,  
Аңсарың шын ауды ма.

Кең далада ылдыы бар,  
Өрі бар...

Асау қандар арашасыз жолығар.  
Қардың басын қар алады дегендей  
Сонан соңғы әуселесін көріп ал.

Малда да бір кезігеді марқасқа,  
Бәлкім оны байқамайсың алғашта.  
Ал, ол сені салған жерде-ақ таниды,  
Жасың болсаң,

Ат жалына жармаспа.

Аптығын шын басам десең жүйріктің  
Жалпақ жонда құйындағы бір құйғытқын.  
Сонда ғана ол құдыретіңе бас иіп,  
Тағым етер тартқанына бүйректың.

**Бас қамшыны,**  
**Тақымыңды қыс-тағы,**  
Көрген жанның қансын көңіл құштары.  
Елестесін дүйім елге сол замат  
Жас асаудың пырақ болып ұшқаны.

Орал содан ұзақ жолда алданбай,  
Тақым жазып,  
                  Құмарың бір қанғандай.  
Өмір — жарыс,  
                  Жазығында көсіліп  
Асау-дағы,  
                  Сен де үйреніп қалғандай.

## БАЛАМ АУЫРҒАНДА

Ың-ыстық қой,  
От демің жалындаған  
Не боп қалды кенеттен, жаным балам?  
Тынышталшы азырақ, тыныс алшы  
Азабыңың аударып бәрін маған.

Құлышағым,  
Қызығым, қылыштым-ау,  
Жаутаң қағып жатқаның сұлық мынау.  
Өзімнен дө сен қымбат екенінді  
Бұған дейін аңдамай жүріппін-ау.

Үш күн болды —  
Әлі бір нәр сызбадың,  
Ұшқындаиды көзіңнен әлсіз жалын.  
Бұған дейін білмеппін,  
Ұқтый бүгін  
Ұқтый бүгін ғаламат жан сыздаяуын.

— Балам, балаң болғанда білерсің деп,  
Ол құлғендө, қосыла құлерсің деп  
Айтатыны атамның еске түсті,  
Ол жыласа, сен бірге жүдерсің деп.

Жүрегінің естіліп дүрсілдеуі  
Анаң отыр әнекей, құр сұлдері.  
Сен жатқалы ұмыттым мен дө өзімді,  
Ішкен асым бойыма бір сіңбеді.

Серги қойшы,  
Сергіші, жаным балам,  
Соғады әзер жүрегім жарылмаған.  
Сен сауығып тезірек қуантшы бір  
Азабыңың аударып бәрін маған.

## **ЖИЫРМА БЕС**

**Білмеймін,**

Жырлады ақын сені қанша,  
Өзіңнен айрылмастай келіп алса.

**Шыңда да —**

Қайтер еді зымыран жылдар  
Кекорай жайланауыңда демін алса.

Сиқырлы сұлулықтай ғашық қылышп,  
Шақырдың қанша жанды асықтырып.  
Қандай күй төгілмеді көкіректен  
Пернесін жиырма бестің басып тұрып.

**Жиырма бес —**

Көктемдегі мұнар сағым,

**Жиырма бес —**

Сан өнерге құмар шағым.

**Жиырма бес —**

Менің мәлдір махаббатым,

**Жиырма бес —**

Сұлулықты шын аңсауым.

**Жиырма бес —**

қайталанбас қос мүшелім,

Ойға нәр,

**Бойға қуат —**

Қосты сенім...

**Жиырма бес —**

Мен білетін көzsіз ерлік,

Өмірдің кешетүғын отты селін.

**Жиырма бес —**

Арман алдан қол бұлғаған,

**Сал сезім,**  
Кекірекке қондырған ән.  
**Жиырма бес —**  
Жастық шақтың от жалыны,  
Ақпанның аязында тоңдырмаған.

**Жиырма бес —**  
Талайлардың арманысың,  
**Жиырма бес —**  
Талайлардың ардағысың.  
**Мен саған ризамын,**  
Алдыңда емес,  
**Артымда —**  
Белес болып қалған үшін.

## МЕН ҚОРҚАМЫН

Мен бақыттан қорқамын баяны жоқ,  
Мен шабыстан қорқамын аяңы жоқ.  
Мен қорқамын достықтан,  
Бір жауықса  
Дұшпаннан да хауіпті —  
Аяры жоқ.

Баянсызы бақыттың мастандырып,  
Болар дәйім тұрғандай аспан күліп.  
Сондықтан да қорқамын алдап соғып,  
Кете ме деп бірде жер жастандырып.

Ұшқыр сезім қиялмен жарысқанда,  
Мен қорқамын тоқтаусыз шабыстан да.  
Аяңы жоқ болған соң жүйрігің де  
Жеткізе алмас армандаі алыстарға.

Даналықпен дәуірден асқан ұдай,  
Бабаларым айтқан ғой баста былай:  
«Қас ойламас қасқыр да жолдасына,  
Дос болып, қастасқаннан сақта құдай».

## ҚЫЗЫМА

Қызыым, саған жыр арнау қашаннан-ақ ойымда,  
Жария ғып айтып ем жасқа толған тойында.  
Содан бері сөзімді жұтып жүрген жандаймын,  
Бір қарызыым өтелмей келеді екен мойында.

Айтары жоқ —

Сол жырды күнде жазғым келеді,  
Іздегендे ойдың да табылмай ма керегі.  
Әлде неге көңілім елегізіп тұрады,  
Толқытпай ма деп сол жыр не өзгені,  
не мені.

Ақыл айту бұл күнде —

Жаттанды боп қалғандай,  
Жетелер ме ол сені асулаға армандай.  
Жетем десен мұратқа, нысанаңды әрі ұста,  
Місі тұтып әрнені,  
Болмашыға алданбай.

Тіршіліктің таусылмас тарам-тарам жолдары,  
Жақсы жүрсөң,

Экеңе биік мерей ол-дағы.  
Менің саған тілерім,

Өсиетім және де

Суық сөзден,  
Сүқ көзден аман болсаң болғаны,  
Ең бастысы, құлышыным,  
Адам болсаң болғаны.

## КӨҢІЛ КҮЙЛЕРІ

Біреулерге ұнаған кезіміз бар,  
Біреулерді сынаған кезіміз бар.  
Біреулерден есітіп жылы лебіз —  
Біреулерден жылаған кезіміз бар.

Бірде — шынның шындығын айтамыз деп,  
Бірде —  
шынның шындығын айтамыз деп,  
Есімізде —  
ескертү алғанымыз:  
«Жан-жағыңызды абайлап, байқаңыз» деп.

Соның бәрі өмірлік сабақ болып,  
Бірде — қату,  
Бірде — ашық қабақ көріп.  
Ойымызды оиласып айттар болдық —  
Бірдің бір екендігін санап көріп.

Біреулерге ұнаған кезіміз бар.  
Біреулерді сынаған кезіміз бар.  
Біреулердің жан төзбес жәбіріне —  
Көре тұра шыдаған кезіміз бар.

Кезіміз бар шыдаған көре тұра,  
Дауласпаймыз бәріміз өре тұра.  
Тұтастықты тілейміз өзгелерден  
Бірді екіге өзіміз бөле тұра.

Біреулерді орынсыз өкпелетіп,  
Сүрінгеннің үстінен көктей өтіп,  
Алға бассақ,  
Абырой тапқандаймыз,  
Қалғандаймыз —  
Тәбеміз көкке жетіп.

Жіпке тізіп тіріліктің қайшылығын,  
Сиғызарсың өлеңге қайсы бірін.  
Қателессем,

Айтарсың жанашыр жұрт —  
Еңсілден қайсың — аға,  
қайсың — інім.

Біреулерге ұнаған кезіміз бар,  
Біреулерді сұнаған кезіміз бар.  
Бірде көңіл —  
кектемнің күншұағы,  
Бірде — қаңтар,  
қақаған сезім ызғар.

Ақты — ақ,  
ал қараны —  
қара демей,  
Көпті — көп,  
ал дараны —  
дара демей,  
Баріне де бір өлшем береріміз,  
Ескі демей,  
ал, мынау жаңа демей.

Жұмып қойып бәріне көзімізді,  
Біле тұра алдаймыз өзімізді.  
Сондықтан да ұғады өтірік деп,  
Кейде өзіміз шын айтқан сөзімізді.

Ақиқат пен жаланың ара жігін,  
Өзің ойла, құлышым,  
қара бүгін.  
Өзің айыр  
ескінің ескілігін.  
Өзің айыр  
жаңаның жаңалығын.

Өзің адас,  
Адассаң алма-ғайып,  
Жөн табу да —  
зердесі барға лайық.  
Сен биікте шынар боп тұрсаң егер,  
Біз-ақ жерде қуанып,  
таң болайық.

Мен сүрінген шығармын —  
Сүрінбе сен,  
Мен бүгілген шығармын —  
Бүгілме сен.  
Мен көрген жақсылықтың бәрін көр де,  
Азабымның көрмегін бірін де сен.

## ӨМІР БӘЙГЕСІНДЕ

Көңіл — көл,  
Бір тұндыры шайқалмаған,  
Сырым көп,  
Тек жеткізіп айта алмаған.

Балалық —  
Балдәуренім екенсің-ау  
Кезінде соның бәрі байқалмаған.

Өткеннің өкінішін айтар ма адам,  
Кезінде соның бәрі байқалмаған.  
Табиғат, білейін шын мәрттігінді  
Бір сәтке балалығым қайтар маған.

Қайғысыз,  
Қамсыз жүрер кездерімнің  
Қадірін жігіт болған кезде білдім.  
Жылдардың зымырауын сезбей қаппын  
Жанында еркелеумен жезде-күннің.

Зулайды қалай-қалай мына күндер,  
Уақыт жоқ бұрынғыдай бұламын дер.  
Алайын озғандарды қыып жетіп,  
Қайыспас қас батырдың шыдамын бер.

Кемедей жағалаудан алыстаған  
Қазірде көп қызығың қалыс маған.  
Енді ешкім балалыққа баламайды,  
Хақым жоқ жасауға ешбір шалыс қадам.

Қанатын бер сұңқардың самғайтұғын,  
Тұяғын бер тұлпардың талмайтұғын.  
Қалпым бар ұлы өмірдің бәйгесінде  
Бір озбасам құмарым қанбайтұғын.

## КӨЗДЕР

Көздер, көздер!  
Біреуі үлкен, біреулері кішірек,  
Қарағанда тұрар дәйім ар жағынан ішіп-  
жеп.

Біреуі көк, тағы бірі қарақаттай мәп-  
мәлдір,  
Бір-біріне ұқсамайтын шіркіндердің түсі  
көп.

Сол көздерге қарай берем, қарай берем  
ынтығып,  
Сол көздерде жатқан жоқ па алуан-алуан  
сыр тұнып.  
Кейбіреуі шоқ орында қоламтаға ұқсайды,  
Кейбіреуі тұрар дәйім биқтерге ұмтылып.

Көздер, көздер!  
Көп екен ғой бұл өмірде не түрлі,  
Кейбіреуі енді-енді сөнетүгын секілді.  
Кейбіреуі тұнде жанған жарық жұлдыз бейне  
бір  
Ондай көздер елемейді анау-мынау отыңды.

Кей көздер бар аш бөрінің көздерінен  
аумаған,  
Іздейтүгын бұғып жүріп қорадан қой,  
таудан аң.  
Ондай көздер күндіз сөніп, тұнде ғана  
жанады,  
Өз құлқынын ойлайды ылғи, сондықтан да  
жау маған.

Көздер, көздер!  
Жанып тұрған адамның қос шырағы,

Таң атқанда көкжиектен құлім қағып шығады.  
Ол бейне бір тіршіліктің сақшысындей  
  қырағы,  
Жақсылықты, жамандықты қалт жібермей  
  ұғады.

Көздер, көздер!  
Біреуі үлкен, енді бірі ікішірек,  
Қарағанда тұрар дәйім ар жағынан ішіп-жеп.  
Сол көздерде талай-талай сыр жатыр ғой  
  үкіқанға,  
Әттең ғана кейде адамның оныменен ісі  
  жоқ.

Жолдас болдым жаспенен де, құрбыменен,  
  кәрімен...  
Көп көз көрдім, көремін ғой миллион-мыңш  
  әлі мен,  
Адалдықты, адамдықты сийлайтүғын өрдайым  
Тұңғиықтай ойлы көзді сүйем артық бәрінен.

## ШЫНЫМ-СЫРЫМ

Қуанышым болса егер —  
Бойға сіңген әдетім бар жасымнан,  
Соны анама жеткізгенше асығам.  
Мерейі өсіп,

Көтеріліп қалсын бір  
Көріп менің көңілімді тасыған.

Қуанышым болса егер —  
Ісім асып жатса-дағы басымнан,  
Достарыма жеткізгенше асығам.  
Дәл өзімдей қуанады олар да —  
Сондықтан да не сырымды жасырам.

Қуанышым болса егер —  
Жеткізгенше асығамын тағы да,  
Ұл-қызыма,  
Үйде отырған жарыма.  
Шаттығымды шалқытатын қашан да  
Ризамын мен солардың барына.

Қуанышым болса егер —  
Бәрін,  
Бәрін...  
былай қойып басқаның  
Ең алдымен білсе деймін қас жауым.  
Сонда менің көтеріліп өр еңсем  
Сонда менің биіктейді аспаным.

Әлдеқалай ренжісем егерде —  
Сездірмеймін,  
іштен тынып қаламын,  
Мұз боп қатып,  
От боп күйіп-жанамын.

Жүк ауырын нар көтерер қашан да —  
Көңіліне дақ салмайын деп аナンЫң.

Өлдеқалай ренжісем егерде —  
Сездірмеймін батса-дағы жаңыма  
Достарыма,

Ұл-қызыма,

Жарыма...

Ауырлықты ер көтерер деген сөз  
Құат беріп,  
Күш қосқандай тағы да.

Өлдеқалай ренжісем егерде —  
Бәрін,  
Бәрін... былай қойып басқаның,  
Сезбесе еken деп тілеймін қас жауым.  
Еңсем түсіп,

Мерейі өссе олардың  
Аласарып кететіндей аспаным.

## **ӘН — ҚҰДЫРЕТ**

Ән жоқ жерде —  
Көңілдің сәні де жоқ секілді,  
Ән жоқ жерде —  
Өмірдің мәні де жоқ секілді.  
Жабырқаған жаныңды жадыратар заматта—  
Құдырет бар бұл әнде,  
Құдырет бар не түрлі.

Біздің қазақ ән десе,  
Асын жерге қоятын.  
Шаршы топқа ән келсе  
Ішпей-жемей тоятын.  
Қиялыңды көтеріп қияндарға бір сәтте,  
Сезіміңді сергітіп, жібереді оятып.

Біле алмадым —  
Осынша  
Әнге құштар неге тым.  
Бір-екі адам қосылса  
Соған кезек беретін.

Қайғысын да әуелі  
Әнмен айтып жеткізер.  
Алуан-алуан әуені  
Көңілдерге екті зер.

Сәбиді де жылаған  
Әнмен тербел үатты.  
Әннен бізде сірә да  
Ештеңе жоқ қуатты.

Табысқанда тілектер —  
Алтыбақан тербеліп.

Ұғынысқан жүректер  
Әнге тағы берді ерік.

Болса дәйім жарқын күн  
Ән оралды ойыма.  
Ән басқарды халқымның  
Қуанышын,  
Тойын да!..

## **ӨТЕДІ КҮНДЕР**

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім  
Өзеннің ағысындей,  
Толқынның жарысындей.  
Ой көшіне көз салып тұрмын өзім  
Жағалаудың тербелген қамысындей.

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім,  
Міне, міне,  
Бәрі де көз алдымда —  
Сөйлем кеттім сол замат сөз алдым да.  
Әмір — күрес,  
Жығылдым....  
Жықтый қанша,  
Жыр-бәйгеде біреуден оза алдым ба.

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім,  
Тірліктің бәрі сауал,  
Бәрі сұрақ.  
Үлгермейсің түгелдей танысып-ақ.  
Кешкен ғұмыр не берді,  
Алда не бар —  
Соны ұқсам деп келемін әлі шыдап.

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім,  
Көп тұндерде із қуған сонаршымын,  
Талай жерден өмбылап жол аршыдым.  
Кей сапарда қанжығам қанды болып,  
Кейде,  
Кейде уақыт тек болар шығын.

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім,  
Арман-тауын бетке алып жүріп келем,  
Бағдарымды дәл басар білікті емен —

Кей күндерім өтеді сенімге мол,  
Кей күндерім беймәлім құдікпенен.

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім,  
Бітпейтін тіршіліктің арнасы әлі  
Тоқтамайды,  
тынымсыз алға асады.

Тілерім тек —  
Болғаны үзілмесе,  
Арманыммен ертеңгі жалғасады.

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім,  
Өзеннің ағысындаі,  
Толқынның жарысындаі,  
Тұлпардың шабысындаі.  
Мен тұрмын ой көшінен көз айырмай  
Тербелген жағалаудың қамысындаі.

## ТҮСІНІҢДЕР ӨЗІМДЕЙ

Бір сезімді екіге бөлінбеген,  
Бір сөзімді екі ұдай көрінбеген.  
Түсініңдер, бауырлар, өзіме ұсап —  
Екі жүзді болғам жоқ тегінде мен.

«Болар екен осы бір тұстар қалай,  
Қабылдайды:  
Дос қалай?  
Дүшпан қалай?»  
Деген күнім жоқ шығар сірә менің —  
Нені айтсам да,  
Тура айттым тұспалдамай.

Бүркей алмай сезімнің жасындарын,  
Кейде бәлкім бар шығар ашынғаным.  
Нені айтсам да әйтеуір барымды айттым,  
Барымды айттым,  
Ойымды жасырмадым.

Дос-жолдастың тенденгін сақтай білдім,  
Еркін кетіп,  
Есігін қақпай кірдім.  
Кейбірінің мансабын ескермеппін,  
Содан барып талайға жақпай жүрмін.

Қайтемін —  
Ойламағам жақсам-ау деп,  
Әркімдердің кеңілін тапсам-ау деп.  
Әртенсе де өзегім өзгермедім,  
Көрінбедім барымнан басқалау бол.

Азсынбадым барымды,  
көпсінбедім,

Шаршап жүрген кезде де —  
жоқ сұлдерім.  
Көңілді бол көріндім былайғы елге,  
Қуанышпен күндерім өтсін дедім.

Бір сезімді екіге бөлінбекен,  
Бір сезімді екі ұдай көрінбекен,  
Ұғындар табиғаттың өзіне ұқсан —  
Екі жүзді болғам жоқ тегінде мен.

## **БӘРІ СЕНДЕР ҮШІН ДЕП**

**Ағайындар!**

Бәрі сендер үшін деп,  
Бастап қойып,  
Тастан кеткен ісім көп.  
Бір ескерткіш орнатпақ ем мәңгілік  
Әлемде жоқ әсемдіктен мұсіндел.

**Ағайындар!**

Бәрі сендер үшін деп,  
Бастап қойып,  
Тастан кеткен ісім көп.  
Ойға алғаным орындалмай,  
                                      өкініп —  
Кей күндері күйдіргендей ішімді от.

Өтіп жатқан,  
Кетіп жатқан күндердің  
Өтеуіне нелер алып үлгердім.  
Қарғыс естіп қамықтым ба кей замат,  
Алғысына ие болдым кімдердің.

Жұбаттым ба мұңлы жанды жылаған,  
Тұрғыздым ба бәз біреуді құлаған.  
Жан болды ма менен сүйеу сұраған,  
Демеу тауып қуанды ма бір адам.

Мына өмірде шында да осы бармын ба,  
Ал, бар болсам, мақсатым не алдымда.  
Адам деген ардақты атты әрдайым  
Түн жықпай, биік ұстай алдым ба?

Бұл пендеде көп болады неге мін,  
Соны әлі де түсіне алмай келемін.

Азаматтық ар алдында бір замат  
Тура қарап, есеп берсем деп едім.  
Кейде тіпті ойың — кермек,  
                          ішің — у,

Сырт көз болса дер еді:  
                          — Бұл кісі қу.

Бұл пәниде ең қыныны — мен білсем,  
Ең алдымен өзінді-өзің түсіну.

О, ағайын —

Келеке етіп күл мейлің,  
Кейде мен де көктемдегі күндеймін.  
Құйыллып кеп,  
Түйіліп кеп тұрсам да  
Жауарымды,  
Жаумасымды білмеймін.

Иә, ағайын!

Бәрі сендер үшін деп  
Бастап қойып,  
Тастан кеткен ісім кеп.  
Салғырттық па,  
Аңғырттық па —  
Білмедім  
Ал басқа жұрт мұны қалай түсінбек.  
Бірақ менен күдер үзе көрмендер  
Тасқындаған бойда бұла күшім кеп.  
Бір ескерткіш орнатарым ақиқат  
Әлемде жоқ әсемдіктен мүсінделп.

## СЕЗБЕДІҢ БЕ

Алай-дүлей кездерімде —  
Сездің бе сен жайымды,  
Сезбедің бе?  
Ондей сәтте,  
Өтінем, сала көрме  
Мінезімді сезімнің безбеніне.  
Тағы өтінем,  
Егер шын сүйген болсаң,  
Ада-күде сен менен безбе мұлде.

Күдер үзіп сен менен,  
Жасыма тым,  
(Айта көрме, жоқ әсте тасыр атым)  
Сәттерім бар кейде бір ашынатын,  
Сәттерім бар бір бұрқап,  
басылатын —  
Соңынан түк көріп,  
түк болмағандай  
Қайтадан ашылатын.

Алай-дүлей кездерімде —  
Ойлай көрме салам деп тезге мұлде,  
Аскындырып аларсың одан бетер  
Бәрі де бір мұршам жоқ өзгеруге.  
Не жұмбақ бар қарақат көздерінде,  
Ішке сақтап қайтесің, айтши, жаным,—  
Сездің бе өзің осыны,  
Сезбедің бе?

Сырым жоқ жан-пендерден жасыратын,  
Өзімді басқалардан асыратын.  
Табиғат солай бәлкім жаратты ма —  
Айтып жүр ғой:

«Кетеді,— деп,—  
кей-кейде тасып ақын».  
Сәл сабыр ет мен десен,  
Қасиеттім,  
Ақтарылса,  
тоқтамас тоғандаймын,  
Ақтүтек,  
Алабұлік борандаймын  
Бір буып басылатын,  
Заматта айдай болып ашылатын.

## ҚУАНАМ

Мен — баламын,  
Мен — ағамын,  
Екеуін де жатсынбаймын, құп алам,  
Бәріне де үйренеді бүл адам.  
Үлкендерді көре қалсам жадырап,  
Балалығым кетпегенге қуанам.

Е, қарағым, әкесінің көзі ғой,  
Сойып қаптап  
                          қойғандай-ақ өзі ғой...  
Өмір бойы тыңдай бергім келеді,  
Ата-анамды көргендердің сезін-ой.

Естіңдерші,  
Үлкен кісі не деді,  
Кейде адамды сезім билеп жеңеді.  
«Е, қарағым, айналайын» дегенін,  
Өмір бойы тыңдай бергім келеді,

Көкірегімде тулайды кеп бір ағын,  
Мен әлі де бас білмейтін бұламын.  
Ата-анамды көргендер көп болған соң,  
Еркелікті ұмыта алмай тұрамын.

«Аға» дейді кейінгілер, ұғамын,  
Әр адамға туатұғын бұ да күн.  
Үлкендіктің үлесіне үйреніп,  
Сол заматта-ақ байсалды боп шығамын.

Кезіксе де кейде өзімнің шатағым,  
Жібермейді үлкен деген атағым.  
Ағалардың кешегі айтқан ақылын  
Інілерге үйреткен боп жатамын.

«Аға» дейді інілерім, сынаман  
Құрметтей боп көрінеді бұз маған.  
Балалықты ұмытам да сол замат,  
Ақылшы боп шыққаным қуанам.

Мен — баламын,  
Мен — ағамын,  
Екеуін де ажыратпай құп алам,  
Екеуі де өмір берген сыйбағам.  
Кішілерге аға болып,  
                        Үлкенге  
Бала болып жүре берсем қуанам.

## **ДОМБЫРАМЕН СЫРЛАСУ**

Сені іздедім —  
Жаным бір жабыққанда,  
Сені іздедім —  
Жалғыз қап жалыққанда.  
Сені іздедім —  
Шынымды айтайын деп,  
Сенен басқа сырымды жан үққан ба?

Кей сәттерде көңлімді елеңдеген,  
Еш пендеге еш жерде еленбеген  
Тез үғуши ең,  
Сыралғы серігім сен —  
Сол сырымды елге айтып берер деп ем.

Қос ішегіңнен қосылып күй ақтарған,  
Бір сыр ұғып отырмын —  
сияқты арман.  
Бабалардың бағызы өнерінен  
Өлмейтұғын өзіндей тұяқ қалған.

Біліп елдің жақсыға шөлдейтінін,  
Тұяқ қалған өзіндей өлмейтұғын.  
Жабырқаған көңлімді көтерсем деп  
Сені іздеймін —  
Жабықсам, көрмей тыным.

Қияс тартып,  
Халықтан шеттемеген —  
Өнер тілін өмірі шектемеген.  
О, ғаламат!  
Құп-құйттай болып алып,  
Кекірегің кен еді неткен ерен.

Өнер тілін өмірі шектемеген,  
Өресізден зар-запа шекпе деген.  
Ұлылардың ұрпаққа өснеті —  
Құдышет боп,  
Күш болып жеткен ерен.

Шежіредей шер төккен күніге мың,  
Зар заманның үзілмес үні ме едің?  
Ханға естірткен қаралы хабарыңды  
Қайран қалып тыңдайды тынып елім.

Бұлт үйріліп,  
Төбеңнен төніпті аспан —  
Шыдамсыздар шығандап, өліп қашқан.  
Ерлер болса,  
Есін тез жиып апты  
Адуын айбарыңнан «Көбік шашқан»

Толтырып күллі әуенін дүниенің  
Тағдырдың бізге берген сиы ма едің.  
Қашанғы қуанышы, қайғысымен...  
Тұрғандай тар кеудене сиып елім.

**Дегендей:**

Шер-мұңымды қозға тағы —  
Көңілдің қыл көпірін қоздатады.  
Айрылған ботасынан бейбақ ана  
Мезгілсіз «Бозінгенді» боздатады.

Айналайын,  
Қадрілім,  
Қасиеттім,  
Кейде бір әкелсең де қасырет-мұң.  
Арамзаны аяусыз басып өттің,  
Адал жанды өмірге ғашық еттің.

Сыр ашсам деп тағы бір ақтарыла,  
Сені ізdedім —  
Жабыққан шақтарымда,  
Сені ізdedім —  
Жалыққан шақтарымда,  
Көңілімнің көрінбес көгершінін  
Қондырғайсың шабыттың бақтарына,  
Сыр ашайын армансыз ақтарыла.

## **ҚАЗДАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ**

Қаздар қайтып барады —  
Думандатып соңғы рет көктің жүзін,  
Дегендей:

Өттің жазым,  
Өттің күзім.

Жылды жақты бетке алған бейбақтар-ай,  
Ең болмаса тежеген жоқ тізгінін.

Қаздар қайтып барады —  
Қариядай мұнды бір ән тыңдаған,  
Жабырқау —  
Жатыр тыныш жалқын далам.  
Қимастықтың қиналған үні келер  
Дауыстардан қосылып қаңқылдаған.

Қаздар қайтып барады —  
Керіп біреу қойғандай көкке кілем,  
Жұбын жазбай үшады  
топ-тобымен.

Қанаттары сермеген қол сияқты  
Хош айтысқан өмірдің көктемімен.

Қаздар қайтып барады —  
Көз айырмай қарт та тұр,  
бала да тұр...  
Көз айырмай көл жатыр,  
дала жатыр...  
Құс базарын өлкемнің ілеңтіріп  
Өздерімен әкетіп бара жатыр.

Қаздар қайтып барады —  
Той-думанды өздеріне ілеңтіріп,  
Қанаттардан жылылық жүр естіріп,

Көз жұмсам да үйқы жоқ,  
Көңіл ояу —  
Хош айтысқан үндері түр естіліп.

Қаздар қайтып барады —  
Қол бұлғасып арайлы таңдарменен,  
Осы жақты мекендең қалғанменен.  
Қоштасады бәрімен,  
бәріменен...  
Қоштаспайды жалғыз-ақ арманменен.

## АҒЫНДА, ХАМА, АҒЫНДА!

Жадымда бәрі —  
Нақ бүгінгідей жадымда,  
Алапат бір күй орап ап отты жалынға.  
Құрыштай балқып құйылып жатты әр сезі —  
Ақынның жыры ұмытылмайды екен задында.

Ақынның жыры ұмытылмайды екен задында,  
Шалқып бір кетсе,

Шабытты шалқар шағында.

Қас жүйріктердей бәйгеге түскен бабында —  
Сиқырлы әуен,  
Күй тілді әуен бойды алып,  
Жатталып қалды,  
Хатталып қалды жанымда.

«Бір қызың мені туды толғасын деп,  
Адамның асыл жанын талғасын деп.  
Бұлыңғыр замандағы ата Құрман  
Жүргегін жүргегімен жалғасын деп»...

Шырқады өлең,  
Бүрқады күзгі дауылдай,  
Құйылды кектен көктемгі нөсер жауындай.  
Мен сол сәт үқтym өнердің биік өресін,  
Тау жоғын және...

Өлеңнің асқар тауындай.

Мен сол сәт үқтym —  
Сарбаздың сырын саптағы,  
Жайқалтқан жырмен өнердің миуда-бақтарын.  
Мен сол сәт үқтym —  
Ақынның асқақ мерейін  
Ішкіра алмаған қысқы аяз,  
жазғы аптабын...

Жыр оқығанда —  
Саңқ еткен қыран-дауысы  
Тербетіп тұрды,  
Тебірентіп тұрды тау ішін.  
Көрінді маған Хамаңның өзі өлеңдей,  
Келесі сәтте кетті өлең Хамаң ауысып.

Айырмасы жоқ орама жол мен төтенің  
Ұқтым мен сонда —  
Қас жүйріктің де не екенін.  
Соң шапса-дағы көмбеге бұрын жетерін,  
Шын шамырқанса, шаңына көміп кетерін.

Шау тартып қалмай шабыттың шалқар  
шашында,  
Жыр құсын дәйім түлетіп ұстап бабында,  
Қайсар қалпыңмен қарсы жүзетін ағынға,  
Алпыста екем деп, сыр бермей сыншыл сырт  
көзге  
Ағында, Хама!  
Ағында!  
Қазақ өнерінің,  
Қазақ өлеңінің бағына!

## ӨМІР ЗАҢЫ

Уақыт емші —  
Табар дерттің дауасын,  
Өткен күнге өкінбейік десек те —  
Тағдыр өзі —  
жерін,  
сүйн,  
ауасын

Қалтарыссыз салып қойған есепке.

Оралмайды гүлжазира көктемің  
Оралмайды қызығы көп жаз-дәурен  
Зандылық сол, қажеті не өкпенің  
Өмір бойы өткен жан жоқ маздаумен.

Табиғаттың өз үкімі жазылған  
Ай сәулесі тұрмайды әр кез нұрланып.  
Күш кетеді күз келгенде жазыңнан  
Күн көзі де қыздырмайды бір қалып.

Қайда қашып құтыламыз шындықтан,  
Адам тегі тіршіліктің қонағы.  
Таланттың да бүкіл әлем ынтыққан  
Тоқырайтын бір сәттері болады.

## ҚЫЗЫҒАМ

Мен тауларға қызығам —  
Шатқалынан шарқ ұрып асқан киік  
Шың-құздары шақырап асқар биік.  
Әр түлғасы —  
Ерліктің ескерткіші  
Мұсіндеғен табиғат тастан құйып,  
Биік болса,  
Одан тек аспан биік.

Мен тауларға қызығам —  
Ақ басы ақ бүлттармен араласқан,  
Әр шыңы жазылмаған дара дастан.  
Арманның ақ жал атын алға тартып,  
Қиянға қиялышында ала қашқан  
Құздармен қабаттасып барады аспан.

Мен тауларға қызығам —  
Ешкімге бас имеген өрлігі үшін,  
Өрлігі үшін,  
Ғаламат өрлігі үшін.  
Желге,  
Селге,  
Дауылға төтеп берер  
Жиып алып бойына соңғы күшін —  
Сол арқылы үлесіп елге ырысын.

Мен көлдерге қызығам —  
Болса-дағы қай өлке,  
Қай қырында...  
Аққу жүзген армансыз айдынында.  
Құс үніне қосылып кеткен шағың,  
Ұмыттырар қуаныш,  
Қайғыны да...

Мен көлдерге қызығам —  
Сыр бүккен ғашық жанның көзі ме дәп,  
Оған-дағы керек-ау тәзім ерек.  
Айна жоқта арулар айдай жүзін  
Көреді екен айдынның өзіне кеп.

Мен көлдерге қызығам —  
Құн сәулесі,  
Ай нұры аймалаған  
Елестейді ол ару бол жәй да маған.  
Көлсіз жер көңілсіздеу көрінеді  
Сұлулыққа тойған ба қайда да адам.

Мен өзендерге қызығам —  
Қан тамыры сияқты паң даланың,  
Құдыретіне керемет таңданамын.  
Өзіменен барады бірге әкетіп  
Бірге әкетіп барады алға бәрін...  
Өмір бойғы адамның арман әнін.

Мен өзендерге қызығам —  
Құндіз-түні,  
Қыс-жазы бір тынбаған,  
Бір тынбаған,  
Тірліктен сыр тыңдаған.  
Айдынында көп толқын — қыз бұрымы,  
Құлкісін-ай,  
Құлкісін сылқылдаған  
Соларменен көрікті-ау, шіркін далам.

Мен далама қызығам —  
Бабасындей,  
Бәрінің анасындей,  
Келе жатқан өзінен жан асырмай.  
Мына жалпақ дүние бар-жоғымен

Жер-ананың өрбіген баласындаі,  
Жарасым жоқ нақ осы жарасымдай.

Мен далама қызығам —  
Таң алдында уыздай ұйып түрған,  
Кекірегіме жыр-самал құйып түрған.  
Тауы,  
Көлі,  
Өзені — Өлмес өмір  
Бір өзіне үйлесіп сиып түрған.  
Сондықтан да даламның мерейі үстем —  
Өр еңсесі бәрінен биік түрған.

## ӨЗБЕКСТАН ЖЕРИНДЕ

Қақ жарып сары дала, боз алаңын,  
Паровоз күнірентіп созады әнін.  
Еш жерге тоқтамайды асыққандай  
Жерлерін көрсетуге өз ағамның.

О, жол, жол, жол, келесің алып бізді  
Қалдырып артқа нелер алып құзды.  
Қарапайым қазақтың ерке ұлына  
Өзбектің жерін де сен танытқызыдың.

Сапар. Шіркін, қызық-ау жан қаласа,  
Сай-сала, тау адырлар алда қанша...  
Мен де тысқа қараймын тебіреніп  
Әйнегінен вагонның таң қараса.

Тұп-тұтас тұлғасына алап-құздың,  
Терезеден сан қайта қаратқызыдың.  
Ескен жел тау басының тұтіп бұлтын  
Тұрғандай қолаң шашын тарап қыздың.

Күн қыздырып құм даля жатыр ысып,  
Не айтады екен — бір топ қыз гәпірісіп.  
Ортасында шіркін-ай, мен де бір сәт  
Отырар ма ем көк шәйін татып ішіп.

Уа, Өзбек жерлері — ыссы мекен,  
Көзім бірден қызыңа тұсті ме екен.  
Кешір егер жастықпен албырт айтсам  
Жанары өз күніңдей ыстық екен.

Тағы жүрді көк вагон тұра түсіп,  
Сусындал та алмадық шұбат ішіп.  
Хош болып тұр,  
келермін әдеі арнап,  
Қайту үшін қызыңа құда түсіп.

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

**Аққұым аспанда емес, жерде менің  
Әніне тоқсан толқып тербелемін...**

**(Жұбайыл)**

## ҚАЙЫҚТА

Мұлгіген орман айнала,  
Отырмын жардың шетінде.  
Жылжиды қайық жәй ғана  
Көгілдір көлдің бетінде.

Күн сүйген қыздың тамағы,  
Кіршік жоқ аппақ етінде.  
Тербетіп қайық барады,  
Көгілдір көлдің бетінде.

Ойнатып қызды төсінде,  
Барады қайық жорға ағып.  
Білмеймін өзім —  
осым не,  
Жанымды кетті-ау өрт алып.

Әлі жүр көлдің бетінде,  
Ескегін жәймен аударып.  
Шама жоқ тұрып кетуге  
Жүргегім қалыпты-ау ауланып.

## **СЕН БОЛМАСАҢ...**

Сен болмасаң үйім де  
Кететіндей тарылып.  
Келмей көңіл-күйім де,  
Жоғалады бар үміт.

Сен болмасаң,  
От басым  
Суық тартып кетердей.  
Досым да жоқ,  
Жоқ қасым —  
Өмір сұру — бекердей.

Сен болмасаң,  
Өлең де  
Оралмайтын секілді.  
Бақыт құсым — тәбеме  
Қона алмайтын секілді.

Сен болмасаң,  
Бір ісім  
Оңалмайтын секілді.  
Әркім мені күні үшін  
Көп алдайтын секілді.

Татулықтың,  
Бірліктің —  
Жұбын бұзбас еш құйын.  
Сенсіз маған —  
Тірліктің  
Өз құны да бес тыын...

Сені көргенге дейін де,  
Сені көргеннен кейін де,

Талай қызды ұннattым,  
Сен оған бірақ кейіме.

Сен кейіме,  
Қамығып, қайғырма әрі —  
Сезім кейде болады жәй кінелі.  
Талай қызды ұннattым,  
Бірақ, сәулем,  
Саған деген махаббат айнымады.

## **ТОЛҚУ**

Еседі көктем самалы,  
Тербете басын теректің.  
Тыншытпай жаным барады  
Қыз келсе мен не демекпін.

Тұрғандай қарап бәрі де —  
Аспанда жұлдыз, ай құліп.  
Жиырмадан астым, өлі де  
Қиналадам қыздан қаймығып.

«Сүйем-деп,— сені, сәулешім»  
Ұсынсам ба екем шоқ гүлді.  
Жене алмай жүрек әуресін  
Өткердім бастан көп түнді.

Белгісіз қанша тұрарым,  
Күзетіп әсем май таңын  
Әйтеуір, оған шыдадым,  
Қыз келсе не сөз айтамын.

## **КӨРСЕМ ДЕП ЕМ...**

Бас ұрмай үақыт атты өлшемге мен,  
Өзіңді баяғыша көрсем деп ем.  
Дөңбекшіп түн үйқымды төрт бөлсем де,  
Ел сенген көп жайларға мен сенбегем.

Мен сені қия алмағам қиянатқа,  
Құр құдік ақ жүрекке ұялап па.  
Сондықтан да өзіңді іздел келдім,  
Іздел келдім міндім де қиял-атқа.

Мас болып жастықпенен шалқып демде,  
Сырыңды үқпай қалдым бәлкім мен де.  
Сейтсем сен ақ махабbat, пәк сезімді  
Жүріпсің үлестіріп әркімдерге.

Кіршіксіз бал сезімге қаталап тым,  
Өзіңмен бір арнада қатар ақтым.  
Бірақ сен ұға алмапсың құдіретін,  
Құдіретін... Кіршіксіз махаббаттың.

## **СЕНСЕ ЕДІ**

Адамды сезім билейді-ақ еken тегінен,  
Өзгені қойып,  
    Өзіңе де айтпай келіп ем.  
Көз көрмейтіндей алыста болсаң бір басқа,  
Жаныңда-ақ жүріп сағынып жүрмін сені мен.

Біреулер менің мұныма бәлкім құлар де,  
Аурудың жәйін сау адам сіра білер ме.  
Ұмытпаса еken ақиқат сырды тек қана —  
Жүрекке әмір жүрер ме?!

Жабығып кейде,  
    Мұң basар ауыр еңсені,  
Жаныңда-ақ қазір сағынып жүрмін мен сені.  
Басқа жүрт мейлі сенбей-ақ қойсын сенбесе,  
Жүргегің сенің сенсе еді.

## НАЗ

Тіл қатпадың —

    Қасыма талай келдің,  
    Көңіліңді осынша қалай бөлдім.  
    Жанарыңмен тұрмысың сыр ұқтырып,  
    Неге сонша жаутаңдал қарай бердің.

Өмір — өзен,

    Ықтырмас ағыс кімді,  
    Есіңе алып қайтесің

        алыс күнді.

Тағдыр деген осы екен —

    Екеумізді

    Төртеу етіп тар жерде табыстырды.

— Алдыңда да адам бар,

        артыңда да...

Дегенің бе:

    — Жайрандал,

        жарқылдама.

Сағынысқан достарша қауыша алмай,

Сәлемдестік бас изеп,

        салқын ғана.

Рас біздер ол кезде балаң едік —

    Ысылмаған —

    Ел көріп,

    Қала көріп...

Бұрқасын-тұманы жоқ —

    Ашық күнде-ақ,

    Абайсызда көз жазып қала бердік.

Аттамаған сезімнің ала жібін,

Бірге кетті өзіңмен балалығым.

Бірге кетті думанды қызық шақтар —  
Жеткізбейді —  
Зымырап барады күн.

Жас едік-ая,  
Ол кезде балаң едік,  
Бірімізді-біріміз жаңа көріп  
Жүргендей-ақ,  
Құрбылар бір сөз айтса,  
Қызырақтап,  
Ұялып қалар едік.

Таныспадық қыз болып,  
Жігіт болып,  
Ойланбадық қеудеге құдік толып.  
Үнсіз ғана ұғыстық сыр ашпастан,  
Жанымызға қуаныш-ұміт қонып.

Қаламай-ақ ешкімнің елшілігін,  
Дер едім ғой:  
«Қасыма ерші гүлім.»  
Енді ғана түсіндім жанарыңнан  
Балдәурен-балалықтың қеңшілігін.

Жылдар өтті,  
Қалды артта адыр-ағын —  
Пәк жанындаі сәбидің жадыра, Күн.  
Көз алдыма әкелдің тағы да бір  
Біз жүретін қойнауын Шадыраның.

Көктем еді ол —  
Бәйшешек гүл жарған шақ,  
Қызығалдақ та тұратын қыздарды аңсап.  
Думандатып жетуші ек құрбылармен,  
Қалардай-ақ жабырқап біз бармасақ.

Бәрі есімде,  
Есімде, лала гүлім,  
Қайтеміз,  
Тек жеткізбей ағады күн.  
Қарашы бір қадалып қас қаққандай,  
Қайта оралсын балдәурен — балалығым,  
Өтінемін,  
Қас қағып қара, Құнім!

## ЕРКЕМ МЕНИҢ

(Әң)

Ән болып жүрегіне ұялаған,  
Өзгеге сүйіктісін қия ма адам.  
Шалқытып шабыттымды сен тұрасың,  
Сэттерде көкірегімді күй ораған.

Қ а й ы р м а с ы:

Өмірімдей алаулаған,  
Алаулаған таң нұры,  
Тұрсың еркем,  
Тұрсың еркем,  
Көз алдымда паң құліп.  
Айтқан серттен айнымасаң,  
Айнымасаң болғаны —  
Махаббаттың айғағындай,  
Айғағындай мәңгілік.

Аймалар самалымен өпкен келіп,  
Жанымды шалқытшы бір көктем болып.  
Тілерім — махаббаттың мәңгілігі,  
Аз бақыт керек емес өткен қонып.

Қ а й ы р м а с ы.

Шарқ ұрып дүниені кезгеніммен,  
Өзіңдей сүйе алмас ем өзгені мен.  
Маздаған махаббаттың отын көрдім,  
Бір сенің нұрға толы көздеріңнен.

Қ а й ы р м а с ы.

## ЖЕҢЕШЕ

(Ән)

Шешек атқан көктемдегі гүл қандай,  
Құлпырғаны — шұғыла шашар нұрдан бай.  
Толған айдай толықсисын, жеңеше-ай,  
Сол гүлменен бәсекеге тұрғандай,

Қ а й ы р м а с ы:

Мейлі басқа елемесе, елесе-ай,  
Сен өскерсең жетіп жатыр,  
Жетіп жатыр, жеңеше-ай.

Мінезің бар бұлтсыз ашық аспандей,  
Өмірің жыр — жазылмаған дастандай.  
Жаутаңдаған жанарыңа қараймын,  
Еркелеген бауырыңша жасқанбай.

Қ а й ы р м а с ы.

Әніміз боп,  
Сәніміз боп жүресің,  
Құрбы ішінде ерек сенің үлесің.  
Аңқылдаған қайыныңың қадірін  
Басқалардан артығырақ білесің.

Қ а й ы р м а с ы.

## **СОЛ ӘН СЕНБІСІҢ**

(Ән)

Таң алауынан нұр алған,  
Шыңдағы биік шынардан —  
Шақырды мені қол бұлғап,  
Шақырды сұлу,  
Шақырды сұлу бір арман.

Су ала барып тоғаннан,  
Жалт беріп қайыра жоғалған,  
Таптырмай кеткен кешегі  
Сенбісің, сәулем,  
Сенбісің, сәулем, сол арман.

Ауып түгелдей аңсарым,  
Сол бір арманды аңсадым.  
Еркімді алған елестей  
Жете алмай соған,  
Жете алмай соған шаршадым.

Арайлап атқан таңдарым  
Ұқтырды сұлу ән барын.  
Таптырмай қойған кешеден  
Сол ән сенбісің,  
Сол ән сенбісің, ардағым?

## **АЛАТАУДАЙ АСҚАРЫМ**

(Ән)

Тасқынды тау сүйіндай сарқыраған,  
Күй кернеп, көкіректен шалқыған ән.  
Замана заңғарынан шабыт алып,  
Жұлдыздан жыр көгінде жарқыраған.

**Қ а й ы р м а с ы.**

Алатаудай асқарым,  
Жырда биік аспаным.  
Тоқсанда да толқыған  
Өлең көшін бастадың.  
Асыл сөзге даңғылым,  
Тасқындаған ән-жырым,  
Өрең биік,  
Өрен жүйрік,  
Өрен жүйрік Жамбылым.

Тербетіп тыныштықты ән-жырымен,  
Жасарып қайта туған таң нұрымен.  
Әлемге әйгілі еткен Қазақ елін —  
Бақытты-ау байтақ далам Жамбылымен.

**Қ а й ы р м а с ы:**

## МАЗМУНЫ

Жыр жазбас едім . . . . .

3

### Бірінші белім

Мен коммунистпін . . . . .	5
Бірі — аға, бірі — іні . . . . .	7
Космоста үш қыран . . . . .	9
Біз туған жер . . . . .	11
Жайымды сұрама, ана . . . . .	13
Сен үшін мен мақтанам . . . . .	14
Оқ атпаңдар далада . . . . .	17
Өмірі нұрлы . . . . .	20
Аңсап кеп едім . . . . .	22
Дала . . . . .	24
Шайтаң көл . . . . .	25
Софыс . . . . .	26
Шегінуге болмайды . . . . .	28
Оралды жеңіс болып . . . . .	30
Шырқайды өлем . . . . .	31
Октябрь : . . . . .	33
Ұстазға . . . . .	35

### Екінші белім

Аққу арман . . . . .	37
Тілерім сол-ақ . . . . .	39
Асау . . . . .	41
Балам ауырғанда . . . . .	43
Жиырма бес . . . . .	44
Мен қорқамын . . . . .	46
Қызыма . . . . .	47

Көкіл күйлері.	48
Әмір бейгесінде	51
Кездер	52
Шыным-сырым	54
Ән-құдышет	56
Өтеді күндер	58
Түсініңдер өзімдей	60
Бәрі сендер үшін деп	62
Сезбедің бе	64
Куанам	66
Домбырамен сырласу	68
Қаздар қайтып барады	71
Ағында, Ҳама, ағында	73
Әмір заны	75
Қызығам	76
Фәзбекстан жерінде	79

### Үшінші белім

Қайықта	81
Сен болмасаң	82
Толқу	84
Көрсем деп ем	85
Сенсе өді	86
Наз	87
Еркем менің	90
Женеше	91
Сол ән сенбісің	92
Алатаудай асқарым	93

---

**ИБ 545**

**ЗИКИБАЕВ ЕСЛЯМ**

**ЛЕБЕДЬ-МЕЧТА**

**Стихи**

(На казахском языке)

Редактор *А. Ахметов*. Художник *Д. Утеков*.  
Худож. редактор *Б. Машрапов*. Техн. редактор *М. Злобин*.  
Корректор *А. Мухамеджанова*

Сдано в набор 22/XII 1976 г. Подписано 22/III 1977 г.  
Бумага № 2. Формат 70×90 $\frac{1}{3}$ —3,0—3,51 усл. п. л. (3,06 уч.-изд. л.)  
УГ06528. Тираж 6000 экз. Цена 54 коп.

Издательство «Жазушы», г. Алма-Ата,  
пр. Коммунистический, 105.

Заказ № 522. Типография оперативной и билетно-бланочной  
продукции производственного объединения полиграфических  
предприятий «КИТАП» Государственного комитета Совета  
Министров Казахской ССР по делам издательств полиграфии  
и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. К. Маркса, 15/1.